

Ф. А. Қозыбақова

**Қазақстандағы кеңестік  
әкімшіл-әміршіл жүйенің  
аграрлық саясаты  
және оның салдары  
(1920—1930 жж.)**

**NURPRESS**

**УДК 338**  
**ББК 65.2/4**  
**К 58**

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық баспа кеңесі ұсынған*

Пікір жазғандар:

ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор *М. Х. Асылбеков*;  
тарих ғылымдарының докторы, профессор *Қ. С. Қаражан*.

**К 58 Ф. А. Қозыбақова**  
**Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің аграрлық саясаты және оның салдары (1920—1930 жж.).** Оқу құралы.— Алматы: «NURPRESS» баспасы, 2011.— 188 б.

**ISBN 9965-813-91-4**

Кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде Кеңес өкіметі аграрлық салада қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын күйретуді жүзеге асырған бірқатар экономикалық реформалар жүргізді. Бұл кітапта осылар 20-шы жылдардың соңындағы қазақ байларын тәркілеудің, 1926-1927 жылдарда қазақ ауылындағы жайылымдық және шабындық жерлерді қайта бөлу реформаларының және оның сабақтарының, байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясатының, зорлап отырықшыландыру негізінде жекешелер шаруашылығын одан ары күйрету реформаларының тарихы жаңаша көзбен зерттеліп, оның қасіретті салдарлары қарастырылған. Зерттеу тың, архив деректеріне негізделген.

Бұл оқу құралы жоғарғы оқу орындарының тарих факультетінің студенттеріне және оқытушыларға арналған.

**УДК 338**  
**ББК 65.2/4**

**ISBN 9965-813-91-4**

© Ф. А. Қозыбақова, 2011.  
© «NURPRESS» баспасы, 2011.

## КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде еліміздің ауыл шаруашылығында жекешелендіру бағыты белең алып отырғаны белгілі. Мақсат — меншік иесін, жекешелер қожалықтарын, фермерлік және кооперативтік шаруашылықтарды өмірге қайта келтіру.

Қазақстанның бүгінгі тәуелсіз дамуында "жекешелендіру экономикалық реформалар саясатының басты бағыттарының бірі болды және болып қала береді"<sup>1</sup>. Республика Президентінің 1996 жылдың қазан айында келтірілген мәліметіне қарағанда республика бойынша ауыл шаруашылығындағы жеке кәсіпорындардың үлес салмағы 95 процентке жеткен<sup>2</sup>.

Осының өзі-ақ, жеке меншік иесі экономикалық және әлеуметтік реформаларда басты тұлға екенін аңғартса керек. Өкінішке орай, үстіміздегі ғасырдың 20—30 жылдарында саясаткерлер — большевиктік басшылық осыны ескермей, үлкен тарихи қателікке барып, жеке меншікті және меншік иелерін жою бағытын ұстанды. Адамзатың меншікшіл табиғи тілегіне қайшы осы процесс неге орын алды, ол қалай жүзеге асырылды, және оның ауыр салдарлары қандай дегенге біздің бүгінгі тарихымыз әлі де толық жауап беріп біткен жоқ.

Тарихымызда "өріс алған қайғылы оқиғаның беташары система қазақ халқының дәстүрлі құрылымына алғашқы соққы берген 20-шы жылдарға байланысты еді. Мәселен, бай-жартылай феодал дейтіндердің шаруашылықтарын жою жөніндегі, "кулактарды тап ретінде" жоюға мемлекеттік бағыт алу шеңберінде жүргізілген, көп ұзамай шаруаларға қарсы жаппай жазалау шараларына ұласқан "екпінді" науқан түп-тамырымен қиратқан зардаптарға ұрындырды"<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Қараңыз: "Елдегі жағдай мен 1997 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы, қазан, 1996 ж.// "Егемен Қазақстан", 1996, 8 қазан.

<sup>2</sup> Сонда.

<sup>3</sup> Қазақстан Орталық Аткару комитеті мен ҚА КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылы 27 тамыздағы "Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы", 1928 жылғы 13 қыркүйектегі "Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу

түсініксіз және тарихшыларды алаңдатып отыр. Егер бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның саяси құрылысы 20—30-шы жылдардағы тоталитарлық Қазақстанды айыптайтын болса, онда архивтегі құжаттарды зерттеушілерден жасырудың не қажеті бар? Оларды түгел жария етіп ашқан жөн болар еді.

## Мазмұны

<b>Кіріспе</b> .....	3
<b>I-ТАРАУ.</b> 20-жылдардың соңынан 30-жылдардың ортасына дейінгі кезеңдегі шаруалар тарихының тарихнамасы және деректік негіздері.....	7
Тарихнама.....	7
Деректер.....	19
<b>II-ТАРАУ.</b> Қазақ байларына төтенше мемлекеттік шабуыл: себептері, барысы, салдарлары.....	24
1926—1927 жылдарда қазақ ауылындағы жайылымдық және шабындық жерлерді қайта бөлу және оның сабақтары.....	24
Ірі қазақ байларын 1928—1929 жылдары тәркілеу: мәселеге жаңа көзқарас.....	42
Тәркілеу — қазақ байларының қасіреті.....	68
<b>III-ТАРАУ.</b> Шаруашылықты-саяси науқандарда ауқатты шаруалар және жекешелер қожалықтарын күйрету.....	99
Дайындау науқандары және ауқатты шаруаларды жою.....	99
Байлар мен кулактарды тап ретінде жою саясаты.....	127
Зорлап отырықшыландыру негізінде жекешелер шаруашылығын одан әры күйрету және Қазақстандағы Кондратьевшілдікке айыптау науқаны.....	156
Қорытынды.....	181